

## Диссертациялық кеңес жұмысы туралы есеп

### Жалпы мәліметтер

«М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕАҚ жанындағы 8D053-«Физикалық және химиялық ғылымдар» мамандар даярлау бағыты: 8D05311-«Химия» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының бұйрығына сәйкес күнтізбелік 3 жылға құрылды (29.03.2023 жыл, бұйрық № 141)

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамына келесі ғалымдар бекітілді:

- Уралбеков Б.М., диссертациялық кеңестің төрағасы, х.ғ.к. профессор ( Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қаласы)

- Калмаханова М.С., диссертациялық кеңестің төрағасының орынбасары, PhD қауымдастырылған профессор м.а. (М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы)

- Нурлыбаева А.Н. ғалым хатшы, PhD, қауымдастырылған профессор м.а. (М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы)

### 1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

2024 жылы диссертациялық кеңестің екі жұмыс отырысы өткізілді.

Кеңестің бірінші отырысы 2024 жылғы 09 ақпанында өтті, онда докторант Р.М. Құдайбергенованың диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынылған құжаттарын қабылдау мәселелері талқыланды. Отырыста диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және диссертациялық жұмыстың ресми рецензенттері ретінде ұсынылған отандық және шетелдік ғалымдарының кандидатуралары қаралды және талқыланды. Диссертацияны қорғаудың күні мен уақыты 09 сәуір сағат 14-00-де 8D05311-«Химия» білім беру бағдарламасы бойынша Р.М. Құдайбергенованың диссертациясын қорғау күні тағайындалды.

2024 жылы 09 сәуірде өткізілген диссертациялық кеңестің екінші отырысында докторант Р.М. Құдайбергенованың 8D05311-«Химия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін «Ағынды суларды тазартуға арналған жоғары селективті және қайта өңделетін сорбенттер ретінде тотықсызданған графен оксиді негізінде супергидрофобты магниттік наноматериалдардың синтезі, модификациясы және сипаттамасы» тақырыбындағы диссертациясын қорғау жүргізілді.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде келесі ғалымдар қабылданды:

1. Матаев Мухаметкали Мусагалиевич – химия ғылымдарының докторы, «Химия» кафедрасының профессоры, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., ҚР.

2. Teixeira Helder Gomes – PhD, профессор, Браганса политехникалық институты, Браганса қ., Португалия.

3. Нажипқызы Меруерт – химия ғылымдарының кандидаты, «Химиялық физика және материалтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., ҚР.

Есеп	Н 7-1.2.12 08.08.2023	 DULATY UNIVERSITY
------	--------------------------	--

**2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан азына қатысқан диссертациялық мүшелерінің аты-жөні.**

Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан азына қатысқан диссертациялық мүшелері жоқ.

**3. Оқу ұйымы қоса көрестілген докторанттар тізімі.**

Есепті кезеңде диссертациялық кеңесте 1 докторант Құдайбергенова Рабиға Мұсапаровна қорғаудан өтті. Ол 2017-2020 жылдары «М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті» ШЖҚ, РМК докторантураның толық курсына оқыды. Диссертацияны қорғаған докторант туралы мәліметтер төмендегі кестеде келтірілген.

**2024 жылы диссертация қорғаған докторант тізімі:**

№	Докторанттың аты-жөні	Жоғары оқу орны	Ғылыми кеңесшілер
1	Құдайбергенова Рабиға Мұсапаровна	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті	Сугурбекова Гулнар Калменовна – доктор химических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г. Астана, РК. Celine Frochot – PhD, профессор, университет Лоррейн, г. Нанси, Франция.

**4. Есепті жыл ішінде диссертациялық кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

8D05311 – «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін ізденуге ұсынылған Құдайбергенова Рабиға Мұсапаровнаның «Ағынды суларды тазартуға арналған жоғары селективті және қайта өңделетін сорбенттер ретінде тотықсызданған графен оксиді негізінде супергидрофобты магниттік наноматериалдардың синтезі, модификациясы және сипаттамасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы.

**қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;** диссертациялық жұмыста ағынды сулардан мұнай/органикалық еріткіштерді іріктеп сорбциялау үшін жаңа қайта өңдеуге болатын тотықсызданған графен оксиді (RGO) негіздегі супергидрофобты магниттік наноматериалдың оңай синтезін сипатталды. Біріншіден, GO мен RGO синтезі және физика-химиялық сипаттамалары жүргізілді. RGO парақтарының синтезі екі кезеңде сипатталды: модификацияланған Хаммерс әдісін қолдану арқылы графиттен GO дайындау және гидразин моногидратымен алынған GO химиялық тотықсыздандыру. Екіншіден, MgFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub> магниттік НБ-тері золь-гель процесі арқылы синтезделді және олардың құрылымдық, морфологиялық және физика-химиялық сипаттамалары анықталды. Соңында, PU/MgFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub>/RGO/PDMS, PU/MgFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub>/PDMS және PU/MgFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub>/RGO/SO, PU/MgFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub>/SO деп аталатын жаңа супергидрофобты магнитті материалдар иммерсиялық қаптау әдісі бойынша полиуретанды (PU) губканы, MgFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub> магниттік НБ-рін, полидиметилсилоксан (PDMS) немесе силикон майы (SO) және де RGO бар немесе онсыз пайдалану арқылы дайындалды. Сорбент ретінде PU/MgFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub>/RGO/PDMS, PU/MgFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub>/PDMS және PU/MgFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub>/RGO/SO, PU/MgFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub>/SO губкаларына жүргізілген зерттеулер мұнайдың және әртүрлі

органикалық еріткіштердің абсорбциялау қабілетін арттыру үшін супергидрофобты магнитті губкада RGO қолданудың оң әсері анықталды.

**диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;**

Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келетін, суды тазарту мәселелерін шешу үшін табиғи шикізаттан жаңа сорбциялық материалдарды жасауға арналған бағыты: Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін ұтымды пайдалану және экология.

**диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.**

Зерттеудің практикалық маңыздылығы, жаңа супергидрофобты магнитті наноматериалдардың жоғары механикалық/супергидрофобты қасиеттері, мұнай және әртүрлі тығыздықтағы органикалық еріткіштерді жоғары сорбциялау және суды кері қайтару, мұнай мен органикалық еріткіштерді бөлу үшін 25 циклден астам қайта пайдалануға болатын және магнит арқылы басқарылып, судан оңай ажыратылатын қабілеттері, оларды мұнаймен ластанған ағынды суларды тазартуда қолданылатын сорбент ретінде перспективалы үміткер ретінде және оның тамаша механикалық қасиеттеріне байланысты гидрофобты сүзгі ретінде де пайдаланылуда мүмкіндік береді.

**5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз пікірлерді мысалға келтіре отыра).**

Ресми рецензенттер туралы мәліметтер кестеде келтірілген

№	Докторанттың аты-жөні	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы	Ресми рецензенттер
1	Құдайбергенова Рабиға Мұсапаровна	Ағынды суларды тазартуға арналған жоғары селективті және қайта өңделетін сорбенттер ретінде тотықсызданған графен оксиді негізінде супергидрофобты магниттік наноматериалдардың синтезі, модификациясы және сипаттамасы	Оңғарбаев Ердос Калимуллаұлы – химия ғылымдарының докторы, «Химиялық физика және материалтану» кафедрасының профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., ҚР. Кенес Қайрат Маратұлы – PhD, «Жалпы және бейорганикалық химия» кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., ҚР.

Нормативтік құжаттамаға сәйкес жоғарыдағы рецензенттер өз пікірлерін дер кезінде жіберіп М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университетінің сайтында орналастырылды. Рецензенттер өз міндеттерін дұрыс орындап жоғары білікті талдаулар жасалынып диссертациялық жұмыстың дұрыс жақтары мен кемшіліктерін көрсетті. Рецензенттер тарапынан сапасыз дайындалған пікірлер байқалмады.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.**

Жас ғалымдар мен PhD докторлардың ғылыми қызметке қызығушылықтарын ынталандыру және одан әрі кәсіби өсуін құру және даму мүмкіндігін қарастыру қажет.

